




№13 (28237) 21 ҚАҢТАР СЕЙСЕНБІ 2014 ЖЫЛ



Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ: Біз өзгенің қателігінен, өткеннің тағылымынан сабақ ала білуге тиіспіз. Ол сабақтың түйіні біреу ғана – Мәңгілік Ел болу біздің өз қолымызда. Бұл үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылуымыз керек. (Қазақстан халқына Жолдауынан).

Қазақстан – Катар: ӘРІПТЕСТІКТІҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Жексенбі күні Қазақстанға ресми сапармен Катар мемлекетінің Әмірі шейх Тамим бен Хамад әл-Тани келді. Бұл – Әмірдің Катар тағына отырған уақытынан бергі шетелге алғашқы сапарларының бірі. Әббәбі, дәстүрлі монархия елмен мемлекеттің шейхы ретінде таққа 2013 жылдың 25 ақпанында ғана мұрагерлік рөлмен келген болатын.

Лейла ЕДІЛҚЫЗЫ, «Егемен Қазақстан».

Катар – Парсы шығанағындағы 2 млн.-ға жуық халқы бар, ендігі ішкі жалпы өнім мөлшері жағынан қарқынды дамып келе жатқан мемлекеттердің бірі. Әйгілі газдың ірі тасымалшысы саналатын бұл ел табиғи зоры жөнінен дүниежүзі бойынша үшінші орынға тұрақтаған. Ел мұсылман мемлекетіндегі мұнай қоры да орасан. Оның мұнай мен мұнай өнімдерін экспорттаушы елдердің көш басындағы руы – осының айғағы.

Қазақстан мен Катардың экономикалық құрылымында ұқсастықтар болғандықтан, екі ел арасындағы дипломатиялық байланыстар әр бағытта жақсы жолға шыққан. Мәселен, екіжақты ынтымақтастықтың маңызды бағытының бірі ретінде жоғары деңгейдегі Қазақстан – Катар бизнес кеңестерінің құрылуы атауға болады. Бүгінгі күнде бұл комиссияның 3 отырысы ұйымдастырылса, соның біреуі Астанада өткен екен. Қазақстан Катардың Орталық секторымен де айтарлықтай ынтымақтастыққа қол жеткізген. Мемлекет мұнай және газ, өнеркәсіп шаруашылығы, көлік, құқық қорғау салалары бойынша өзара ынтымақтастыққа ынта танытып



келеді. Қазақстан ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесін өткізу үшін Катардан инвестиция тарту мәселесін де жолға қойған. 2013 жылдың қараша айында Дохада «Астана ЭКСПО-2017» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Т.Ермегалиевтің «Qatar Diar» компаниясының

басшысымен кездесуінен де осыны айқын аңғаруға болады. Екі ел мәдени-гуманитарлық салалар бойынша да өзара әріптестік байланыс орнатып үлгерген. Ақордада өткен екіжақты кездесуде Нұрсұлтан Назарбаев пен шейх Тамим бен Хамад

әл-Тани Қазақстан мен Катар арасындағы ықпалдастықтың даму қарқынын одан әрі ілгерілететін бірқатар салалар жөнінде әңгіме қозғай отырып, екіжақты ынтымақтастықтың, атап айтқанда, инвестициялық және сауда-экономикалық

салалардың негізгі бағыттарын талқы таразысына салды. Сондай-ақ, екі елдің өзара ықпалдастығын бірлескен жобаларды іске асыру арқылы жандандыруға болатынын атап өтті.

(Соңы 2-бетте).

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ: МӘҢГІЛІК ЕЛ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ИДЕОЛОГИЯСЫ



Парламент Сенатының Төрағасы Қ.К.ТОҚАЕВ Елбасы Жолдауы Қазақстан 2050 туралы ой толғайды

– Күрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы! Біз сізбен сенімді, Елбасының дәстүрлі Жолдауы жария етілген күннің ертеңінде әңгімелескіміз отырмыз. Жеділ сұхбат беруге уақыт тапқаныңыз үшін алғыс айтамын. Сіз ұзақ жылдар бойы Сыртқы істер министрі болып жұмыс істелініз, Үкіметті, Парламенттің жоғарғы палатасы – Сенатты басқардыңыз, осы заманның көрнекті қайраткерлерінен кездестініз, сөйлестініз, ал кейінгі жылдарда Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас хатшысының орынбасары ретінде, былайша айтқанда, Қазақстанға сырт көзбен де қарай алдыңыз. Біздің еліміз бүгінгі әлемде қалай бой көрсетеді екен?

– Иә, Қазақстанда жұмыс істеген кезімде де, шетелдегі кызметімде де менің ірі мемлекеттік қайраткерлермен кездесуге, сөйлесуге және келіссөздер жүргізуге мүмкіндігім болды. Біріккен Ұлттар Ұйымындағы жоғары лауазымда мен, әрине, туған елімдегі оқиғаларды мықпаласпен қадағалап отырдым. Отанымның Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың беделді басшылығымен қол жеткізген табыстарына қуандым. Жасыратыны жоқ, осынау күрделі де қиын әлемде ықпалды мемлекетке айналған Қазақстанның

азаматы екендігім үшін мақтаныш сезіміне талай бөлендім. Шетелде Қазақстан қысқа ғана тарихи кезең аясында мемлекет құру мен экономикада қайран қаларлықтай табыстарға жеткен ел ретінде қаралады. БҰҰ-да Қазақстанға «жедел дамып келе жатқан мемлекет» деген ерекше мәртебе берілген. Көптеген мемлекеттер «жолы болмаған мемлекеттер» деген таңбаны аркалап жүрген кезде мұның өзі ең алдымен әлемдік қоғамдастық жаһандық ауқымдағы саясаткер деп таныған Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың талассыз табысы. Қуатты, тұрақты және серпінді Қазақстан қазірдің өзінде жаһандық және өмірлік қауіпсіздіктің елеулі факторы болып отыр.

Қазақстанның дамуы әлемдік оңды үрдістерден аясына толықтай сай келеді. Біздің елімізге осы заманның барлық көмектесті мәселелері бойынша сенімді әріптес деп қарайды. Қазақстан әлемдік қоғамдастықтың ажырағысыз бөлігіне айналды. Мемлекетімізді ядролық қару-сыздануға, халықаралық қауіпсіздікті, интеграция мен көпқырлы экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға қосқан үлесі үшін құрмет тұтады.

(Соңы 3-бетте).

Заңнамалық қамтамасыз ету – басты назарда

Кеше Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалық етуімен Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты бюросының отырысы болды. Сенат Төрағасы Парламенттің басты міндеті – Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыруды заңнамалық тұрғыда қамтамасыз етуге назар аударды, деп хабарлады осы палатаның баспасөз қызметі.

Осыған байланысты Қ Тоқаев Президент Жолдауын іске асыру жөніндегі депутаттардың ұсыныстарын ескере отырып, арнайы жоспар әзірлеуге тапсырма берді. Президент айтқан басымдықтар мен тапсырмалар аясында депутаттар палата жұмысының биылғы жоспарын нақтылау бойынша ұсыныстар енгізді.

Сенат Төрағасы атап өткендей, алдағы уақытта аймақтарға сапары барысында парламентшілер Мемлекет басшысының Жолдауын түсіндіру бойынша елеулі жұмыстар атқаруы тиіс және жергілікті жерлерде Президент алға қойған міндеттерді орындау мәселелерін жұртшылық арасында талқылау қажет.

Бюрода Сенат комитеттеріне Мәжілісте мақұлданған заң жобалары бөлініп берілді. Сондай-ақ, бюро мүшелері Сенаттың 23 қаңтарда болатын отырысының күн тәртібін де қаралды. Палата отырысына үш заң жобасын шығару ұйғарылды.

Ғылымды және ғылымға негізделген экономиканы дамыту мәселелеріне Президент Жолдауында баса назар аударуына байланысты Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшелері Сенаттың осы салалық комитетінің атауын Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті деп қайта атау туралы ұсыныс жасады. Бұл мәселе палатаның алдағы отырысында қаралатын болады.

Бірқатар нақты тапсырмалар берді



Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Мұнай және газ министрі Ұзақбай Қарабалинді шақырып, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Мемлекет басшысына Ұ Қалин министрліктің 2013 жылы қызметінің қорытындысы, қазіргі кезеңдегі жоспар және саладағы Президенттің Қазақстан халқына Жолдауынан айдайтын стратегиялық бағыттары туралы баяндады. Нұрсұлтан Назарбаев инициация тартудың және саяси инновациялық дамуы үшін жұмысты күшейтудің қажетті жағдайларын атап өтті, сондай-ақ мұнай-газ кең орындары мен салаларының тиімділігін арттыруға қажетті кластерлер құру

елімізде отандық геологиялық барлаудың перспективалары мен мұнай-сервистік кластерлерін қалыптастыру туралы баяндады.

2013 жылдың қорытындысы бойынша республикада 81,8 млн. тонна шикі мұнай өндірілді, яғни 2012 жылмен салыстырғанда, 103,2%-ға жетті. Өңделген газ көлемі өткен жылы елімізде 42,3 млрд. текше метр, ал өңделген мұнай көлемі 14,3 млн. тонна болды. 2014 жылы 83 млн. тонна мұнай және 41 млрд. текше метр газ өндіру, 14,7 млн. тонна мұнай өндісу жоспарланып отыр.

Кездесу қорытындысында Мемлекет басшысы қаралған мәселелер бойынша бірқатар нақты тапсырмалар берді.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасының құқық қорғау жүйесін одан әрі дамыту шаралары туралы

- Қаулы етемін: 1. Қазақстан Республикасының құқық қорғау жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2014-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) бекітілсін. 2. Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарының кадр саясаты тұжырымдамасы мақұлданыс. 3. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар: 1) Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісім бойынша Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бір ай мерзімде әзірлесін және бекітсін; 2) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің одан әрі жұмыс істеуінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 4 наурыздағы №931 Жарлығымен айқындалатын мерзімде және тәртіппен Бағдарламаның іске асырылу мониторингінің нәтижелерін Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне ұсыныс; 3) Осы Жарлықты іске асыру жөніндегі өзге де шараларды қабылдасын. 4. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін. 5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. НАЗАРБАЕВ.

Астана, Ақорда, 2013 жылғы 31 желтоқсан. №720

Жарлықтың түсіндірмесін 6-беттен оқысыздар

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңде арнаған құқықтық саясат тұжырымдамасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы құқықтық жүйесінің бәсекеге қабылдеттілігін арттыру мақсатында қаулы етемін:

- 1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасына өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін. 2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. НАЗАРБАЕВ.

Астана, Ақорда, 2014 жылғы 16 қаңтар. №731

Жарлықтың түсіндірмесі және өзгерістер мен толықтыруларын 6-беттен оқысыздар

Advertisement for the Eurasian Integration Institute. Text: 'Еуразия интеграциясы институтының сарапшылар тобы «Қазақстан-2050» мақсаттарына қол жеткізуде алға қарай жасалуы қажет. 50 қадам туралы пайымдарымен бөлісіп отыр. Онда негізінен 4 салаға: өлеуметтік-агроөнеркәсіп көшені; инфрақұрылымдық триадалар - агломерация, көлік және энергетика; экономика салаларына басымдық беріледі.'

(Еуразия интеграциясы институты сарапшылар тобының пайымдарымен 2-беттен танысыңыздар).

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

МӘНГІЛІК ЕЛ – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ИДЕОЛОГИЯСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте).

– Президенттің қызметі әлемдік қоғамдастық тарапынан қалай бағаланады? Сіздің Назарбаев феномені әлемнің екі бөлігінің – Еуропа мен Азияның, екі өркениеттің – Батыс және Шығыс өркениеттерінің, екі саяси жүйенің – тоталитаризм мен демократияның түйіскен тұсында шыққан деген сөзіңіз кенінен белгілі. Сіз жана өзіңіз айтқан табыстарға қол жеткізуіміздегі Елбасының ролі туралы не айтар едіңіз?

– Бүкіл әлем біздің Президентімізді талантты да жігерлі басшы, аса көрнекті реформатор, жасампаз тұлға және стратег ретінде біледі, солай деп құрметтейді. Еліміздің жолы болған деп қаміл сеніммен айта аламыз, өйткені, тарихтың талмау тұсында оны дәл Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өзі басқарды.

БҰҰ Бас хатшысының орынбасары бола жүріп, мен көптеген мемлекеттердің басшыларымен кездестім, олардың қызметін бақылай келіп, стратегиялық ойлау жүйесі, тәжірибесі мен беделі тұрғысынан бүгінгі әлемде біздің Президентіміздей лидер тұлға жоқ деген қорығында қалдым. Бұрынғы кеңестік республиканы табысты мемлекетке, пікірімен барлық белді елдер санасатын өңірлік державаға айналдырған дәл сол тұлға.

Президент Нұрсұлтан Назарбаев жаһандық антиглобализм қозғалысын көшбасшысы ретінде қазірдің өзінде әлем тарихына енді. Мұндай құрметті мәртебеге мемлекеттердің бірде бір басшысы не болған емес.

Елбасының тарихи еңбегі тоқырауға түскен саяси жүйенің тарихи күнісі мен тозығы жеткен экономикалық шапанынан шыққан біздің ұлтымыздың бітім-болмысын өзгерте алғанынан көрінеді. Нұрсұлтан Әбішұлының жетекшілігімен Қазақстан серпінді дамыған, ашық әрі бәсекеге қабілетті экономикасы бар ел ретінде танылды. Біздің еліміз парламентаризм мен азаматтық қоғамды дамытуда алға қарай қуатты серпіліс жасады, мұның өзі Қазақстандағы демократиялық үдерістерге енді беті қайтпайтындай сипат берді.

– Өртүрлі елдерде мемлекеттер басшыларының халыққа сөз арнауының әртүрлі пішіндері бар екенін білеміз. Қазақстан Президентінің Жолдаулары несімен ерекшеленеді? Олар еліміздің дамуында қандай рөл атқарды және қандай рөл атқаратын болады?

– Көптеген елдерде олардың басшыларының жолдаулары парламенттерге бағытталып да негізінен ішкі саяси жағдай мен экономикалық ахуалды, сондай-ақ сыртқы саясаттың негізгі бағыттарын белгілейді. Әдетте жыл сайынғы ресми сөз арнау Мемлекет басшысының белгіленген конституциялық міндеті болып табылады.

Қазақстанда Президент Нұрсұлтан Назарбаев өз сөзін Парламентке ғана емес, бүкіл халыққа да арнайды. Сондықтан да осынау, шын мәніндегі тарихи Жолдауын жария ететін орын ретінде Президент Тәуелсіздік Мемлекетін таңдады. Жолдау – мемлекет басшысы мен бүкіл қоғамның арасындағы өзара байланыстың тиімді пішіні. 1995 жылы Конституция қабылданғалы бері Президент Жолдаулары еліміз өмірінің маңызды саяси оқиғаларына айналып келеді. Жолдауларда Үкіметке және биліктің заң шығарушы тармағына берілген тапсырмалардың негізінде еліміздің орнықты дамуына бағытталған нақты шаралар қабылданады.

Елбасымыздың Жолдаулары – Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының барлық кырларына терең талдау жасайтын аса маңызды құжат. Сондықтан да олар елімізді орнықты дамуын жаһандық сара жолына шығаруға жеткізді.

– Енді Президенттің биылғы Жолдауына қатысты сұрақтарға көшсем деймін. Бұл құжаттың қандай басты сипаттарын алдымен атауға болар еді? Мұның

алдындағылардан осы Жолдаудың айырмашылығы неде?

– Біз бәріміз шын мәніндегі тарихи оқиғаның куәгері болып отырмыз, өйткені Мемлекет басшысының бұл Жолдауының жөні бөлекше. Онда 2050 жылға дейінгі ұзақмерзімді Стратегияны жүзеге асырудың нақты бағдарламасы белгіленген.

Елбасы Мәңгілік Елді – отандық тарихтың атымен жаңа тұжырымдамасын баян етті және негіздеп берді. Іс жүзінде бұл – Қазақстанның ұлттық идеясы және мемлекеттік идеологиясы. Мәңгілік Ел ұлы Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бастаған барлық қазақстандықтардың бірегей тарихи миссиясы болып табылады.

Мәңгілік Ел идеясы халқымыздың ғасырлар бойғы аңсаған арманына ғана емес, Қазақстанның тәуелсіз жылдарындағы дамуының нақты нәтижелеріне арқа сүйейді.

Биылғы Жолдау, сөз жоқ, өткен жылдардағы осындай құжаттардан сапалық тұрғыдан жаңа міндеттердің ауқымымен ерекшеленеді. Қайталап айтқанда, Қазақстан қазір бұрынғы Қазақстан емес, бүгінде ол ішкі жалпы өнімнің ауқымы бүкіл Орталық Азия елдерін қоса есептегеннен де асып түсетін қуатты мемлекет. Сонымен бірге, мұның бәрі үлкен жолдың басы ғана деп айтуға бізде толық негіз бар. Елбасы Жолдауы мемлекетіміздің жарқын болашағына деген үміт пен сенімді бойға ұялатады. Президенттің әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу Стратегиясы – мемлекеттің ұлттық мүдделеріне мемлекеттік тұрғыдан қарауды, ел азаматтарына, әсіресе Жолдауда белгіленген мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыратын жастарға деген шын мәніндегі ерекше қамқорлықтың айшықты айғағы.

Елбасымыз ғылыми қамтылған экономика жасаудың, қуат тиім- шығарушы тармағының осы үдерістерге ролі туралы не айта аласыз?

– Қауіпсіздік пен жайлылық туралы айтқанда Президент дамыған елдің бейбітшілік пен тұрақтылық, әділ сот және тиімді құқық тәртібі деген маңызды сипаттарын бөле айтып, Тарих осынау кәсіптік қағидаларды ұмыт қалдыру қолдырауға, торығуға, кейде тіпті салдары ұзаққа созылатын қасіреттерге әкеліп соқтыратынын көрсетеді. Сондықтан да Жолдау болашаққа бағышталған, оның мән-маңызын адамдардың бір буынының өмірімен өлшеу мүмкін емес, бұл – шын мәнінде тарихи маңызды құжат.

2050 Стратегиясының мақсаттарына қол жеткізу дамыған демократиялық қоғамда өмір сүргісі келетін әрбір азаматтың осы іске өзінің тікелей қатысуы мен белсенді ұстанымын талап етеді. Біздің арқайсымыздың «Ал мен өз мемлекетім үшін не істей аламын?» деп өзіне өзі сұрақ қоятын тұсы дәл осы.

Екінші жағынан қарасаңыз, байлар мен кедейлердің арасы барған сайын ашылып кетудің қатты, миллиондаған адамдар үшін ауыз судың жетіспеуін, ең қадірлі жағдайлардың жасалмауын, гендерлік және этностық белгілер бойынша кемсітушілік, мәселесі ұшыққан елдерден босқындардың тасқынын, заңсыз миграцияны, есірткі бизнесін, ауру-сырқауды және адамдарды саудаға салуды көресіз. Көптеген дамыған елдер жаппай жұмыссыздықтың шармауында қалды, олардың кейбірінде жұмыссыздық, Испаниядағы сияқты, 30 пайызға жетті.

Жаһандық саясат пен экономикада тұрақсыздық пен болжамсыздық белең алып барады. Сондықтан Елбасымыз өз Жолдауында XXI ғасырда «жеңіл-желпі жүріп өту» деген болмайтынын өте әділ ескертіп отыр. Сонымен қатар, Нұрсұлтан Әбішұлы терең талдаудың негізінде таяудағы 15-17 жыл Қазақстан үшін «мүмкіндіктер көзі» бола алады деген болжамын жасады. Бұл арадағы ең басты мәселе – жайлы конъюнктураның мүмкіндігін қолдан шығарып алмау, табанды да мақсатты жұмыс істеу.

– 2050 Стратегиясының басты мақсатына – Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 елінің қатарына қосылуына қол жеткізіміз деген біздің сеніміміз қандай күшке арқа сүйейді?

– Осы заманғы Қазақстанның үлкен артықшылығы – ерен Елбасымыз. Ұлт басында Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сияқты аса көрнекті саясаткер тұрмаса, біз өмірдің барлық саласында бүгінгідей табыстарға жете алар ма едік? Әрине, жете алмас едік. Оған қоса, түпкі табысқа деген сенімділік Қазақстанның адами әлеуетіне негізделеді. Біздің азаматтарымыз – бар күш-жігерін ұлы ел тұрғызу үшін жұмсауға дайын, зияткерлік тұрғыдан өрелі және ой-санасында отанымызды орыққан адамдар қоғамдастығы. Қазақстандықтар барынша дамыған елдердің алдығы қатарына қосылатын ырысты-бәрекекті елде өмір сүруге әбден лайықты.

– Әңгіменіз үшін рахмет.



Нұрбай ЕЛМҰРАТОВ, «Егемен Қазақстан».

Стратегиясының мақсаттарына жету үшін мемлекетіміздің барлық зияткерлік күш-қуатын жұмылдыру керек, көп жұмыс істеуіміз керек.

Бұл тұрғыдан алғанда Оңтүстік Кореяның үлгісі үйренерліктей. Табиғи қазба байлықтары жоқ осы ел, Солтүстікпен қақтығыса жүріп, Жапониямен, Қытаймен қатты бәсекелесе жүріп, еңбек қоғамын құрды да аз уақыттың аясында индустриальдық державаға айналды. Корейлер көп жұмыс істейтін болды, өйткені олар не үшін еңбек ететінін білді, түпкі мақсатын көре алды.

Елбасы Жолдауы бүкіл ұлттың алдына нақты мақсаттар мен міндеттер қояды. Енді Мәңгілік Ел болу үшін көп жұмыс істеу керек.

– Нұрсұлтан Әбішұлы жалпы-әлемдік дамуға барабар тұру қағидатын ұстану қажеттігін қалай айтты. Сіз бертіңіз дейін әлемнің ең беделді ұйымы – БҰҰ басшыларының бірі болдыңыз. Сіз жалпыәлемдік дамуын басты үрдістерін қалай деп айқындар едіңіз?

– Осы заманғы әлемдік үрдістер өте қарама-қайшылықты болып келеді. Бір жағынан, әлем нағыз инновациялық зерттеулерді арқау ете отырып, технологияны бұрынсоңды кездестіріп көрмегендей жаңартудың, ақпараттық-коммуникациялық секторды қуатты дамытудың жолымен жүреді. Әлем адамзаттың болмыс-бітімін түбірінен өзгертетін жаңалықтардың табылудағында тұр.

Орнықты даму, экономика мен экологияның үйлесімі тұжырымдамасы бүгінгі өмірдің императивіне айналды, БҰҰ-ның Мыңжылдық саммитінде сонау 2000 жылдың өзінде айтылған орнықтылық қағидаларын енгізе-бейінше ендігі жерде жекелеген елдердің де, тұтастай адамзаттың да келешегі келіспеуі болмайтынын пайымдау күшейе түседі.

Екінші жағынан қарасаңыз, байлар мен кедейлердің арасы барған сайын ашылып кетудің қатты, миллиондаған адамдар үшін ауыз судың жетіспеуін, ең қадірлі жағдайлардың жасалмауын, гендерлік және этностық белгілер бойынша кемсітушілік, мәселесі ұшыққан елдерден босқындардың тасқынын, заңсыз миграцияны, есірткі бизнесін, ауру-сырқауды және адамдарды саудаға салуды көресіз. Көптеген дамыған елдер жаппай жұмыссыздықтың шармауында қалды, олардың кейбірінде жұмыссыздық, Испаниядағы сияқты, 30 пайызға жетті.

Жаһандық саясат пен экономикада тұрақсыздық пен болжамсыздық белең алып барады. Заманауи техника халықтың игілігіне осылай жұмыс жасады. Мысалы, бір қолданушы «Мемлекеттік қызметкерлердің жалақысы 15 пайызға артаатын болды» деген ақпарат жолдаудың негізінде таяудағы 15-17 жыл Қазақстан үшін «мүмкіндіктер көзі» бола алады деген болжамын жасады. Бұл арадағы ең басты мәселе – жайлы конъюнктураның мүмкіндігін қолдан шығарып алмау, табанды да мақсатты жұмыс істеу.

– 2050 Стратегиясының басты мақсатына – Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 елінің қатарына қосылуына қол жеткізіміз деген біздің сеніміміз қандай күшке арқа сүйейді?

– Осы заманғы Қазақстанның үлкен артықшылығы – ерен Елбасымыз. Ұлт басында Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сияқты аса көрнекті саясаткер тұрмаса, біз өмірдің барлық саласында бүгінгідей табыстарға жете алар ма едік? Әрине, жете алмас едік. Оған қоса, түпкі табысқа деген сенімділік Қазақстанның адами әлеуетіне негізделеді. Біздің азаматтарымыз – бар күш-жігерін ұлы ел тұрғызу үшін жұмсауға дайын, зияткерлік тұрғыдан өрелі және ой-санасында отанымызды орыққан адамдар қоғамдастығы. Қазақстандықтар барынша дамыған елдердің алдығы қатарына қосылатын ырысты-бәрекекті елде өмір сүруге әбден лайықты.

– Әңгіменіз үшін рахмет.

Сұхбаттасқан Сауытбек АБДРАХМАНОВ.

Жолдауға жедел үнқосу

Кеше Орталық коммуникациялар қызметінде Өңірлік даму министрі Болат Жәмішев Мемлекет басшысының таяудағы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына жолдаған Жолдауына орай брифинг өткізді.

Өңірлерді өрісті істер күтеді

Нұрбай ЕЛМҰРАТОВ, «Егемен Қазақстан».

Оған министрдің екі орынбасары Қ.Өскенбаев пен С.Жұманғарин де қатысып отырды. Өңірлік даму министрі Жолдаудың маңыздылығын тілге тиек етіп, оның бірқатар бөлімдеріне арнайы тоқталып өтті. «Жолдауда кәсіпкерлікті дамытуға басымдық берілген. Әсіресе, орта және шағын бизнеске қолдау көрсетіп, оның өркен жаюына мүмкіндік жасау шарасы пысықталған. Ол үшін Өңірлік даму министрлігі бірқатар істерді қолға алып, жүзеге асыру жолдары қарастырылып жатыр. Атап айтқанда, Парламентке «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» заң жобасы енгізілді. Ол бойынша 9 кодекс пен 74 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі. Нәтижесінде жағымды бизнес-ахуал орнығады деген үміт бар», деді Б.Жәмішев.

Министрдің сөзіне қарағанда, кәсіпкерлердің еркін жұмыс істеуі, шаруасын кеңейтулеріне көптеген тексерулер мен кедергілер бар көрінеді. Ондай кедергілердің жолын кесу шаралары өзгертілген және толықтырылған заңда қарастырылып отыр. Ендігіде барлық рәсімдер мен талаптар Үкімет қаулыларының деңгейінде бекітіліп болады екен. Мұнымен қатар, кәсіпкерлік қызметті

мемлекеттік реттеудің 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы да жасалыпты. Енді оны бекіту мақсатында Мемлекет басшысы Жарлығының жобасы әзірленіпті. Осынау заңдар мен тұжырымдамаларды дайындауға аталған министрлікпен қатар, жауапты ведомстволар мен Ұлттық кәсіпкерлер палатасы да атсалысыпты.

– Министрліктің қазіргі атқарып жатқан жұмыстарының бәрі Елбасының аталған Жолдауынан көрініс тауып жатқанын өздеріңіз көз жеткізіп отырсыздар. Мемлекет басшысы 2050 жылға қарай Қазақстан халқының 70 пайызы қалаларда тұратынын айтты. Мәселен, біздің елге географиялық жағынан ұқсас Австралия мен Канадада солай. Бұйыртыса, қазіргі қолға алып жатқан жұмыстарымыз жемісті болса, болашақта халықтың 35 пайызы тұрғындары 2 миллионнан асатын қалаларда тұруы тиіс. Елбасы айтқандай, бұл орындар-мас арман-қиын емес, әрекет еткен кәндәй да қоғам қол жеткізе алатын нақты мақсат, деді министр.

Мемлекет басшысының Жолдауында жүктелген тапсырмалар мен ұсыныстардың Өңірлік даму министрлігіне қарастыларын толық саралап, оларды орындау жолдарын баяндаған Б.Жәмішев, журналистердің қойған сұрақтарына да жауап берді.

Жақсылыққа жетелейді

Ержан БАЙТІЛЕС, «Егемен Қазақстан».

Мына мәселені баса айтқымыз келеді: халық Елбасының Жолдауынан жақсылық күтеді. Жұрттың бәрі әлеуметтік желілерді жіті бақылап, Ақорданың Twitter парақшасын әлсіз-әлсіз жаңартып, ақпарат агенттіктерінен жарияланған жаңалықтарды назарда ұстап отырды. Осы жылғы Жолдаудың тасқынын, заңсыз миграцияны, есірткі бизнесін, ауру-сырқауды және адамдарды саудаға салуды көресіз. Көптеген дамыған елдер жаппай жұмыссыздықтың шармауында қалды, олардың кейбірінде жұмыссыздық, Испаниядағы сияқты, 30 пайызға жетті.

Жаһандық саясат пен экономикада тұрақсыздық пен болжамсыздық белең алып барады. Заманауи техника халықтың игілігіне осылай жұмыс жасады. Мысалы, бір қолданушы «Мемлекеттік қызметкерлердің жалақысы 15 пайызға артаатын болды» деген ақпарат жолдаудың негізінде таяудағы 15-17 жыл Қазақстан үшін «мүмкіндіктер көзі» бола алады деген болжамын жасады. Бұл арадағы ең басты мәселе – жайлы конъюнктураның мүмкіндігін қолдан шығарып алмау, табанды да мақсатты жұмыс істеу.

– 2050 Стратегиясының басты мақсатына – Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 елінің қатарына қосылуына қол жеткізіміз деген біздің сеніміміз қандай күшке арқа сүйейді?

– Осы заманғы Қазақстанның үлкен артықшылығы – ерен Елбасымыз. Ұлт басында Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сияқты аса көрнекті саясаткер тұрмаса, біз өмірдің барлық саласында бүгінгідей табыстарға жете алар ма едік? Әрине, жете алмас едік. Оған қоса, түпкі табысқа деген сенімділік Қазақстанның адами әлеуетіне негізделеді. Біздің азаматтарымыз – бар күш-жігерін ұлы ел тұрғызу үшін жұмсауға дайын, зияткерлік тұрғыдан өрелі және ой-санасында отанымызды орыққан адамдар қоғамдастығы. Қазақстандықтар барынша дамыған елдердің алдығы қатарына қосылатын ырысты-бәрекекті елде өмір сүруге әбден лайықты.

– Әңгіменіз үшін рахмет.

Сұхбаттасқан Сауытбек АБДРАХМАНОВ.

ҚЫЗЫЛОРДА.